

2013 жылы субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының түрлері бойынша оңтайлы себу мерзімдерін айқындау туралы

Қостанай облысы Мендіқара ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 164 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 22 мамырда № 4138 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 қаулысымен бекітілген Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасының 12-тармағына сәйкес, "Қостанай ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ұсынымдары негізінде Мендіқара ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының түрлері бойынша оңтайлы себу мерзімдері айқындалсын:

жазғы дақылдар	15 мамырдан бастап 5 маусымға дейін;
күздік дақылдар	25 тамыздан бастап 10 қыркүйекке дейін;
дәнді-бұршақ тұқымдас дақылдар	15 мамырдан бастап 5 маусымға дейін;
майлы дақылдар	15 мамырдан бастап 30 мамырға дейін;
жемшөптік дақылдар	15 мамырдан 10 маусымға дейін;
бірінші өсу жылдарындағы бұршақ тұқымдас көпжылдық шөптер	бірінші мерзім - 1 мамырдан бастап 31 мамырға дейін, екінші мерзім – 5 шілдеден бастап 10 қыркүйекке дейін;
шабындық шалғындандыру үшін жерлерді егілген көпжылдық шөптер	бірінші мерзім - 1 мамырдан бастап 31 мамырға дейін, екінші мерзім – 5 шілдеден бастап 10 қыркүйекке дейін;
сүрлемдік жүгері мен күнбағыс	15 мамырдан бастап 31 мамырға дейін;
көкөністер	25 сәуірден бастап 10 маусымға дейін;
тамшылап көкөністер суарылатын	25 сәуірден бастап 10 маусымға дейін;
бақша дақылдары	25 сәуірден бастап 10 маусымға дейін;
картоп	10 мамырдан бастап 5 маусымға дейін;
тамшылап картоп суарылатын	10 мамырдан бастап 5 маусымға дейін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Т.Т.
Т ұ р а ғ ұ л о в қ а ж ү к т е л с і н .

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң
қолданысқа енгізіледі.

М е ң д і қ а р а

ауданының әкімі

Н. Денинг

КЕЛІСІЛДІ:

"Меңдіқара ауданының ауыл
шаруашылығы бөлімі" коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің бастығы

_____ А. Ковальчук